

№1 ХАТТАМАСЫ

03.03. 2024 жыл

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар:

Комиссия мүшелері-17

Қатысқаны -18

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева

Күн тәртібінде:

1. Наурыз мерекесін, Жеңіс күнін, соңғы қоңырау мерекесін, үздік оқушылар шеруін, көктемгі демалыстағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

2. Мектепті абаттандыру бойынша жұмысты ұйымдастыру

3. Әр түрлі мәселелер

Қамқоршылық кеңес төрайымы А.А.Кокимова сөз алды: Қайырлы күн кеңеске қатысушылар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Наурыз мерекесін, Жеңіс күнін, соңғы қоңырау мерекесін, үздік оқушылар шеруін, көктемгі демалыстағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша сөз қозғады. Оқушылар арасында Наурыз мерекесін есте қаларлықтай етіп, тойлау мақсатында әр бір класс ауыл ретінде жарапазан айтылып, бір біріне қонаққа барып, пән мұғалімдерімен бірге мектеп қабырғасында тойланса деген ойдамын. Біздер де оқушылармен бірге тығыз қарым-қатынаста болу үшін мектепке қазақы нақыштағы киім үлгісінде келіп қолдау көрсетсек жақсы болар еді. Жеңіс күніне байланысты тәрбие бөлімі жоспарлы түрде тәрбие сағаттары мен кластан тыс шараларды қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес жылда жүргізіп келеді. Сонымен қатар биылғы оқу жылында 25 мамырдан кейін, 5-10 кластар қазақ тілі пәнінен емтихан тапсыратын болғандықтан үздік оқушыларды марапаттау емтихандарынан кейін жүргізіледі деп ойлаймын, дегенмен бастауыш кластардағы үздік оқушыларды марапаттау уақытылы бөлек өткізілуі керек. Себебі, оқушылардың оқу жылында жеткен жетістіктерімен марапатталып, ата-аналармен бірге тамашаласа, келесі оқу жылында оқушы үшін оқуға деген талпыныс болады. Осындай мектеп қабырғасында өткізілетін іс-шараларға сіздерді де қатысып, бірге атсалыссақ дегім келеді.

Осы мәселедегі Наурыз мерекесін тойлау бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Убаева Асылша сөз алды: Мектепте жылда оқушылар мен ата-аналарға, ұстаздарға «Наурыз» мерекесі атап өтілетіні белгілі. Биылғы оқу жылында оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында ерекше аталып өтсе деп ойлаймын. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқушыларға түрлі сайыстар, әжелер клубының мүшелерімен қыз балаларға арналған салт-дәстүрімізге байланысты кездесулер мен көрмелер ұйымдастырылса. Осы жылы наурыз айының әр мереке күндеріне қызықты іс-шаралар өткізіліп, кластарда «Наурыз жыл басы» деп ашық сабақтар қойылса, үнемі қосымша білім беру ұйымдарынан келетін театр, сахналық қойылымдармен шектелмесе екен деп өз ойын жеткізді. Кеңес мүшелері толықтай келісті.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева сөз алды: Мектепті абаттандыру бойынша сәуір-мамыр айларынан бастап мектепте жұмыс ұйымдастырылады. Жылда мектеп қабырғасының жанына жеміс талдарының санын көбейту мақсатында талдар егіліп, мектеп алдына гүлдер отырғызылады. Бұл шараларға үнемі бізде қолдау көрсететін мектептің «Ұлағат» әкелер клубының мүшелері мен мектептің «Мейрім» еріктілер клубының мүшелері және жастар. Биылғы оқу жылында 15 жеміс талы мен 600 шт петуния гүлі отырғызу жоспарда бар, дегенмен бұл шараларды жоспарылы түрде өткізу үшін біздерге демеушілер қажет. Мектеп ауласын көгалдандырып, тазалық жұмыстары жүргізілсе оқушылар мен ата-аналарда қуанады деп ойлаймыз.

Осы мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі, мектептің түлегі Құдайберген Орал Болатұлы қолдау көрсетіп, өзінің атсалысатынын жеткізді. Сонымен қатар қамқоршылық кеңес мүшелеріне де қолдау көрсетулерін сұрады.

Шешім:

1. Наурыз мерекесі мен Жеңіс күнінің іс-шаралары мектеп оқушыларымен мектеп қабырғасында аталып өткізілсін, сапалы ұйымдастырылуы мен тәртіптің сақталуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаеваға міндеттелсін.
2. Мектептегі үздік оқушылар шеруін оқу жылының соңында жоспарланып өткізілсін.
3. Мектепті абаттандыру жұмыстары уақытылы ұйымдастырылып, жүргізілсін.

Самқоршылық кеңесінің төрайымы

Самқоршылық кеңес мүшелері:

Кокимова Айнагуль Айжариковна

Тлещева Бақыт Аманжолқызы

Қалмағанбетова Ақсис

Умирзакова Лаззат Кадыровна

Қалауова Айнур Дауленовна

Жұмабек Максат Ерболатұлы

Жусипова Тлектес Мухамбетжанова

Убаева Асылна Бердикановна

Серғали Жангүл Бектуғанқызы

Нуртазаева Мизамгүл Жаксыбаевна

Құдайбергенова Карлығаш Химадиновна

Қызылова Ақнұр Жарасқызы

Сатаев Абзал Сауытович

Наурызбаев Айбек Қайратұлы

Утарбаева Клара Булатовна

Құдайберген Орал Болатович

Музиева Мөлдір Мұратқызы

Handwritten signatures corresponding to the names listed on the left.